

Әділетті Қазақстан

Баршаңызды ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырамын. Бәріміз бірлігімізді бекемдей білсек, ешқашан әділдіктен аттамасақ, берекелі ел боламыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ЕРБОЛАТ ДОСАЕВ

Түркісіб ауданының тұрғындарымен кездеседі. Жүздесу 30 наурыз күні сағат 9.00-де Сүйінбай даңғылы, 505 мекенжайындағы №32 жалпы білім беретін мектепте өтеді. Кездесуді онлайн-режимінде «Алматы» телеарнасының YouTube парақшасында және Түркісіб әкімдігінің Facebook парақшасында көруге болады.

ЭКОНОМИКА



«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

2

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»



АЛМАТЫНЫ КӨРКЕЙТУГЕ ҮЛЕС ҚОСЫҢЫЗ!

7

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

28.03.2023

Түнде:



+5+7 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

29.03.2023

Түнде:



+6+8 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты, күннің аяғында жаңбыр.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №40 (6333) 28 наурыз, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/aqshamy.official

www.facebook.com/aqshamy.official

www.youtube.com/channel/UCXz3M2x1CHx6Br1JgqyqeA

web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/aqshamy.official

twitter.com/aqshamy_kz

АҚОРДА

ДАҢҚТЫ СПОРТШЫНЫ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Шавкат Рахмоновты қабылдады



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аралас жекпе-жек шебері Шавкат Рахмоновты қабылдады.

Мемлекет басшысы даңқты спортшыны таяуда Лас-Вегас қаласында өткен UFC турнирінде жеңіске жетуімен құттықтады. Қасым-Жомарт Тоқаев Шавкат Рахмонов секілді мықты атлеттердің жеңіске деген ерік-жігері мен жетістігі өскелең ұрпақты жігерлендіретінін, салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыратынын айтты. Президент спортшының алдағы уақытта биік белестерді бағындыра беруіне тілектестік білдірді. Өз кезегінде Шавкат Рахмонов арнайы қабылдағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Сондай-ақ, ол жанкүйерлердің үмітін ақтап, еліміздің мерейін асқақтата беретінін жеткізді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

GUINNESS WORLD RECORDS

«ШЫМБҰЛАҚ» ТАУ ШАҢҒЫ КУРОРТЫ

Гиннестің рекордтар кітабына енді



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы символдарының бірі – «Шымбұлақ» ресми түрде «Әлемдегі ең биік түнгі тау шаңғы трассасы» номинациясы бойынша Гиннестің рекордтар кітабына енді. Салтанатты шараға Guinness World Records офисінің судьясы Шейд Субаши-Гемиджи Алматыға арнайы келіп, рекордты растайтын сертификатты шаңғы курортының бас директоры Ринат Абдрахмановқа табыстады. Бұл рәсім теңіз деңгейінен 3200 метр биіктіктегі «Талғар асуы» станциясында өтті.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXXII сессиясын шақыру туралы өкімге қол қойды.
- «Жаңа Қазақстанның 100 жаңа есімі» байқауының жеңімпаздары анықталды.
- ОСК Мәжіліс сайлауының түпкілікті қорытындысын жариялады.
- «Отбасы банкі» алғашқы жарнаны 50%-дан 30%-ға дейін төмендетті.
- «Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» республикалық акциясы басталды.
- ІМ дерегінше, шетелден әкелінген 69 мыңнан астам көлік заңдастырылды.
- Жыл басынан бері көпбалалы отбасылар 66,9 млрд теңге жәрдемақы алды.
- Ербол Тілешев Тіл саясаты комитетінің төрағасы қызметіне тағайындалды.

www.almaty-akshamy.kz



6



БАСПАНА

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ»

мемлекеттік бағдарламасы аясында биыл Алматыда 905 пәтер сатылады

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында «Жеңілдетілген ипотекалық бағдарламалар туралы» баспасөз-конференциясы өтті. Оған Алматы қаласы «Отбасы банк» АҚ директоры Данагүл Түсіпова қатысты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ



Спикердің айтуынша, несие беру механизмі қазақстандықтарға Алматыда жылдық 7% (ЖТСМ 7,4%-дан) мөлшерлемесімен несиеге пәтер сатып алуға мүмкіндік береді. Ең жоғарғы сомасы 100 млн теңге болатын заем 25 жылға дейін беріледі.

Әдетте коммерциялық нарықтан үй сатып алғанда «Отбасы банк» 50% бастапқы жарнамен несие береді. Құрылыс салушылармен жасалған келісімдердің арқасында бастапқы жарна сомасын 30 пайызға дейін төмендетуге болады.

Алматыда осы әдіс бойынша «Отбасы банк» клиенттеріне қаланың 10 тұрғын үй кешеніндегі 850 пәтер ұсынылған. Тұрғындарымыз өздеріне ұнайтын нысанды таңдап, Vaspara Market порталында немесе банк бөлімшесінде пәтер брондатып, несиеге өтініш бере алады.

– Жыл басынан бері «Отбасы банк» қызметкерлері 8400 заем берді. Демек, күніне 15–160 адам қолжетімді несиеге өтініш беріп, қоныс тойын тойлайды. Берілген несиенің төрттен бірі Алматының үлесіне тиесілі. Сонымен қатар, қала тұрғындары жинақтау және одан әрі тұрғын үй сатып алу үшін күн сайын 100-ден астам жаңа депозит



ашады. Олардың барлығы мемлекеттік бағдарламалардың шарттарына сәйкес келмейді. Біздің инвесторларымыздың көпшілігі тұрғын үйді коммерциялық нарықтан сатып алады. Әсіресе, олар үшін біз әзірлеушілермен бірге жаңа өнімдерді әзірлеудеміз, оның басты құндылығы бастапқы жарнаны 50%-дан 30%-ға дейін төмендету болып табылады. Құрылыс компанияларынан бөлінген субсидиялар оны азайтуға мүмкіндік беріп отыр, – деп түсіндірді «Отбасы банк» Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Данагүл Түсіпова.

«КОРПОРАТИВТІК» БАҒДАРЛАМАСЫ ІСКЕ АСЫРУДА

«Отбасы банк» қазақстандық кәсіпорындармен бірге тағы бір өнім – «Корпоративтік» бағдарламасын іске асыруда. Оның аясында компания өз қызметкерлерінің баспана мәселесін шешуге көмектеседі. Бүгінгі күні «Отбасы банк» Алматы қаласындағы «Qazinter service» ЖШС-мен келісім-шартқа отырды. Оның аясында кәсіпорын 250 млн теңге бөліп отыр. Қаражат «Отбасы банк» несие беру кезінде қызметкерлердің алғашқы жарнасының бір бөлігін жабуға жұмсалады.

– Осы ынтымақтастық аясында несие мөлшерлемесі 7%-дан 8,5%-ға дейін (ЖТСМ 7,4%-дан) болады. Бұл ретте компания өз қызметкері үшін бастапқы жарнаның бір

бөлігін жинақтауға көмектеседі. Ол 20% немесе тіпті 30% болуы мүмкін. Компанияның мұндай қолдауы жеке баспанаға апарар жолды айтарлықтай қысқартады, яғни жақын арада қоныс тойын тойлауға көмектеседі. Бұл «Отбасы банкінің» «Корпоративтік» өнімі кәсіпорындарға өз қызметкерлерінің баспана мәселесін жылдам шешуге мүмкіндік береді. Ал бұл әлеуметтік пакетті нығайтып, құнды кадрларды ұстап қалудың бір жолы. Бүгінгі күні «Корпоративтік» өнімінің көмегімен Қазақстан бойынша 1000-ға жуық адам баспана сатып алуға мүмкіндік алды. Биыл кезекті қоныс тойын күтіп отырмыз, – деді Данагүл Түсіпова.

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Брифинг барысында спикер «Отбасы банк» АҚ директоры табысы төмен отбасылар қандай ипотеканы ала алатынын да айтып өтті.

«Егер олар жергілікті атқарушы органдар тарапынан баспана кезегінде тұрса, «Бақытты отбасы» және «Шанырақ» бағдарламаларына қатыса алады. Бұл бағдарламалар үшін төлем қабілеттілігінен өтудің жеке шарттары бар. Мұнда әрбір отбасы мүшесінің шығындары азырақ сомада есептеледі, сондай-ақ бұл бағдарламалар бойынша бастапқы жарна жеңілдетілген және айтарлықтай төмендетілген», – деді Данагүл Түсіпова.

Сонымен бірге, спикер «Отбасы банк»

● КЕРЕК ДЕРЕК

«Бақытты отбасы» мемлекеттік бағдарламасы аясында биыл Алматыда 905 пәтер сатылады. Қатысушылар тізімі otbasybank.kz платформасында 2022 жылдың 20 маусымы мен 19 шілдесі аралығында өткізілген конкурс нәтижелері бойынша қалыптастырылды. Бұл көпбалалы және толық емес отбасылар, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар. Оларға арналған баспананы қалалық әкімдік «Жас қанат» шағынауданынан салып берді. Несие алу процесі жүріп жатыр. Олар жылына 2% мөлшерлемесімен (ЖТСМ 2,1%-дан бастап) беріледі. Мемлекеттік бағдарламаның шарттары бойынша бастапқы төлем несие сомасының кемінде 10%-ын құрайды.

арқылы жастар үшін қандай тиімді мемлекеттік бағдарламалар қолжетімді екенін айтты.

«2017 жылдан бастап қаламызда «Алматы жастары» жеңілдетілген бағдарламасы жүзеге асырылуда. Ол барлық өңірлерде аймақтық бағдарламалардың іске қосылуына негіз болды. «Елорда жастары», «Алатау жастары» бағдарламалары бар. Мұнда әр аймақта несие беру шарттары әртүрлі. Мәселен, «Алматы жастары» бағдарламасы бойынша білім, денсаулық сақтау, мәдениет, БАҚ, спорт, ғылыми-зерттеу институттары, құқық қорғау органдары сияқты жеті салада еңбек етіп жүрген 35 жасқа дейінгі жастарға несие беріледі. Биылғы жылға өзгерістер жоспарланып отыр, енді әкімдіктің мақұлдауын күтіп отырмыз. Бағдарламаның басталғанын кейін хабарлаймыз. Біз 1100 азаматқа несие беруді жоспарлап отырмыз, бұл бағдарлама бойынша бастапқы жарна 10%, пайыздық мөлшерлемесі 5%, – деп жалғастырды ӨКҚ спикері.

Сондай-ақ, Данагүл Түсіпова «Отбасы Банк» банкіне депозит ашқанда қызметкерлер келісім-шарт сомасын, яғни клиенттің болашақта тұрмыс жағдайын жақсарту үшін пайдаланғысы келетін соманы анықтайтынын айтты. Оның ең төменгі құны 500 АЕК, қазіргі уақытта 1 750 000 теңге, ал ең жоғарғысы 200 миллион теңгеге дейін. Клиент келісім-шарт сомасының 50% жинауы керек.

● ОЛИМПИАДА

Мектеп оқушыларының көктемгі демалысы табысты өтті. Шымкент қаласында 20–25 наурыз аралығында өткен республикалық пәндік олимпиадада Алматының құрама командасы жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндік олимпиадасында 43 жүлделі орынға ие болды. Жүлде қоржыны 9 алтын, 14 күміс және 20 қола медальмен толықты. Осылайша Алматы қаласының оқушылары жалпы есеп бойынша «Үздік олимпиадалық команда – 2023» сыйлығын жеңіп алды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Олимпиадаға еліміздің әр аймағынан барлығы 900-ден аса 9–11-сынып оқушылары қатысты. Республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңінде Алматы қаласының абыройын 53 оқушы қорғады.

Қатысушылар 2 турдан тұратын тапсырмаларды орындады. Олар математика, физика, химия, биология, география және информатика пәндері бойынша зияткерлік сайыстарды қамтыды.

– Мектеп басшыларына, мұғалімдерге

АЛМАТЫЛЫҚ ОҚУШЫЛАР ЖЕҢІСІ

Олар «Үздік олимпиадалық команда–2023» атанды



кәсіби шеберліктері мен біліктіліктері үшін алғысымызды білдіреміз. Ата-аналарға тәрбиесі мен күнделікті еңбегі үшін алғысымыз өз алдына. Атап айтсақ, олимпиада жеңімпаздары халықаралық олимпиадаларға қатысуға дайындалу үшін резервке алынады. Сондықтан оқушыларға алдағы уақытта да білімдерін барынша жетілдіріп, толайым табыстар мен жаңа жетістіктерге жетулеріне тілектеспіз! – деді «Алматы дарыны» орталығының директоры Гүлнәр Кәрімқажы.

Сонымен қатар, Шучье қаласында 2–7-сынып оқушылары XVIII Республикалық «Зерде» байқауына қатысып, Алматы қаласының құрама командасы I дәрежелі – 6, II дәрежелі – 6, III дәрежелі – 11 диплом



иергерлері атанды. Тағы да бес оқушымыз ерекше жетістіктері үшін арнайы грамотамен марапатталды.

Жалпы, осындай байқаулардың берері мол. Мәселен, мектеп оқушыларының байқауларға қатысуы олардың шығармашы-

лық қабілеттерін, практикалық білімдерін дамытуға, сонымен қатар дарынды балаларды анықтауға мүмкіндік береді. Биылғы жыл табысты болып отыр. Республикалық жарыстарға қатысқан 93 баланың 66-сы жүлделі орындарға ие болды.



ТАЛБЕСІК

АЛМАТЫҒА АҚҚУЛАР ОРАЛДЫ



Алматыдағы Ботаникалық баққа аққулар оралды. Бұл жаңалықты қаладағы Ботаникалық бақтың ұжымы әлеуметтік желіде бөлісті. Су бетінде жүзіп жүрген қос аққудың видеосы бақтың желідегі парақшасына шықты.

«Олар қайтып келді. Біздің аққуларымыз сәтті қыстап, ботаникалық баққа оралғанын қуана хабарлаймыз. Ерте көктемнен күрең күзге дейін аққулары бар тоған ботаникалық бақтың барлық қонағы үшін тартымды орынға айналады», – деп жазды бақтың ұжымы желіге.

Ботаникалық бақтың ұжымы аққулар мен балықтарды тамақтандыруға тыйым салынғанын да ескерте кетті.

«Ботаникалық бақтағы балықтар мен аққуларды күтіп-баптау мен қоректендіруге жауапты кәсіби мамандар бар. Құстар мен балықтарды тамақтандырудың күнделікті нормасы бар. Есіңізде болсын, нан, печенье, чипсы сияқты тағамдар аққулар мен балықтарға зиян, олар артық салмақ қосады, асқазандары бұзылады, денсаулықтары сыр беруі мүмкін. Өсімдіктерге ғана емес, үй жануарларына да қамқор болайық», – деп ескертті ботаникалық бақтың ұжымы.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

БРИФИНГ

АУТИЗМГЕ ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАР
ҚОҒАМНАН ШЕТ ҚАЛМАЙДЫ

Наурыз айының соңына таман ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» аутизм мәселесі туралы Дүниежүзілік ақпарат тарату күніне арналған республикалық семинар өткізеді.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Мақсаты – елімізде аутист бала тәрбиелеп отырған отбасыларға мемлекеттік көмек көрсету жүйесін, сондай ерекше балаларға көмек көрсетудің заманауи стратегияларын түсіндіру, сондай-ақ аутизмді бар баланы мектепте психологиялық-педагогикалық қолдау жолдарын қарастыру.

Осы жөнінде сол салада жүрген мамандар Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте толығырақ айтып берді. Спикерлер республикалық деңгейдегі алқалы семинарда «дөңгелек үстел» басында келелі әңгімелер өрбитінін айтты. Семинарға мамандармен бірге аутист бала тәрбиелеп отырған ата-аналар да қатысады.

«Бұл – әлемді алаңдатып отырған тақырып. Себебі, аутизмге шалдыққан балалар саны жылдан-жылға өсіп келеді. Мәселен, ресми дерек көздеріне сүйенсек, 2020 жылы елімізде 6771 аутист бала тіркелген болса, 2022 жылы 12087 бала есепке алынған. Мектеп жасына дейінгі (3–5 жас аралығындағы) балалар – 4331, ал 6–18 жас аралығындағы балалар саны – 6704. Демек, біз бұл көрсеткіштерден аутизмге шалдыққан балаларға психологиялық-педагогикалық көмектің дер шағында, ерте жастан көрсетілмейтінін байқаймыз. Ал әлемдік тәжірибе аутист баланы кішкентай күнінен түрлі психологиялық-педагогикалық сабақтарға тартар болсақ, олардың 60–70%-ы қоғамға жақсы бейімделіп, әлеуметке ерте кірігіп кететінін көрсетіп отыр», – дейді «Арнайы және инклюзивтік білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының» бөлімінің меңгерушісі, жоғары санатты педагог-психолог Зәуре Болатқызы.



Спикердің айтуынша, елімізде 208 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті және 18 жасқа дейінгі балаларға жеке немесе топтық түрде көмек көрсететін 13 республикалық орталық бар. Сондай-ақ, арнайы және жалпы білім беретін мектепке дейінгі 44 ұйымда және 9 аутизм орталығында аутизммен ауыратын балаларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсетіледі.

Отандық мамандардың жетістігі сол, 2020 жылы аутизмге шалдыққан баланың қарым-қатынасына, әлеуметпен өзара әрекеттесуіне және әлеуметтенуіне бағытталған арнайы дамыту бағдарламасын әзірлеп шығарған болатын. Бүгінде сол жоба оңалту орталықтарында, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде, арнайы және жалпы білім беретін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жүйелі түрде қолданылып келеді.

Брифингте сөз алған оңалту және жаңа технологияларды енгізу бөлімінің педагог-психологы Әсел Бақтығали аутизммен ауыратын балалардың 90%-ында сенсорлық интеграцияның бұзылуы, яғни сенсорлық интеграцияның дисфункциясы бар екенін айтады. Сенсорлық интеграциялық терапия аутизмді бар баланың мінез-құлқы мен дамуын ұйымдастырудың тиімді әдісі болып табылады. «Аутизмді бар балалар миы сенсорлық ақпаратты тіркемейді, бұл қалаусыз немесе өз алдына бөлек жүретін әрекеттерге әкеледі. Көбінесе мұндай балалардың миы қауіпті сезбейді және бала одан тәжірибе алмайды», – дейді ол. Аутизммен ауыратын балалар үшін олардың мінез-құлқын реттеу және қоршаған әлемге

бейімделу үшін сенсорлық сезімдерді алу өте маңызды. Осы мақсаттарда мамандар аутизммен ауыратын балалардың мінез-құлқын реттеуге және бейімделуге көмектесетін сенсорлық ойындардың әдісін пайдаланады.

Ал аталған бөлімнің педагог-логопеді Жанар Естемесова аутизмге шалдыққан балалармен жұмыс істеуде баламалы және қосымша қарым-қатынас құралдарын қолдану қажеттігін баса айтты. «Баламалы және қосымша қарым-қатынас әдістері дегеніміз – бұл сөз бен оны толықтыратын қызметтерді қажет етпей-ақ, баланың отбасындағы қарым-қатынасын жақсартуға ықпал ететін байланыс әдістер. Оның үстіне, біз күнделікті өмірде осындай қарым-қатынас әдістерін қолданамыз. Бұл, мысалы, жол белгілері, киім жапсырмалары, қоғамдық дәретханаларды көрсететін белгілер және т.б. Баламалы коммуникация дегеніміз – адамның сөйлемей-ақ, жазбай-ақ, кез келген ақпаратты беру немесе қабылдаудың барлық тәсілі. Ал қосымша коммуникация дегеніміз – ақпаратты заттардың, ым-ишараның және графикалық белгілердің көмегімен жеткізу тәсілі», – дейді Ж.Естемесова.

Бұл ретте байланыс құралдары төмен, орта және жоғары технологиялық болып үш топқа бөлінеді. Мамандардың айтуынша, баламалы және қосымша коммуникацияларды қолдану сөйлеу мен тілдің дамуына, соның ішінде сөзді түсінуге және ана тілін меңгеруге ықпал етеді. Олар бұл байланыс әдістерін мүмкіндігінше ертерек енгізуге кеңес беріп отыр.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Биылғы маусымда
«Шымбұлаққа»

1 миллионнан
астам турист келген



Алып шаһарда

231 000

зейнеткер тұрады



Биыл «Алматы жастары»
бағдарламасы аясында

1100 азаматқа
несие беру жоспарланып
отыр



Ағымдағы жылы қала
көшелерін орташа жөндеу
жұмыстарына

20 млрд теңге
бөлінеді



Алматының құрама
командасы пәндік
олимпиададан

43 жүлделі
орын алды



Қаланың жарықтандыру
деңгейі 2025 жылдың
соңына қарай

100%-ға дейін артады



ЧЕЛЛЕНДЖ

«ЖҮРЕК ЖЫЛУЫ»

Қарапайым тұрғынның тілегі орындалды

Елімізде «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясы жүріп жатыр. Оның шымылдығын ашқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев болатын.

Акцияның мақсаты – наурыз айы бойына халықтың әлеуметтік осал топтарына қамқорлық көрсетіп, көпбалалы отбасылардан, мүмкіндігі шектеулі жандардан, зейнеткерлерден келіп түскен хаттарда жазылған өтініш-тілектерді орындау.

Еске салсақ, әз-Наурыз мейрамы қарсаңында, яғни 21 наурыздағы мерекелік іс-шара кезінде волонтерлар Қасым-Жомарт Кемелұлынан үлкен сандықтағы ораулы жатқан хаттардың алғашқысын алып оқуын сұраған болатын. Мемлекет басшысы хатты дауыстап оқып, оның иесінің тілегі орындалатынын айтты. Сонымен қатар, осынау игі істі бастаған мейірімді жастарға ризашылығын білдірген еді.

Алғашқы хат иесі – Астана қаласының тұрғыны Гүлжахан Сыдықова тонометр сұраған екен. Көп ұзамай елорда әкімі Жеңіс Қасымбек өтініш иесімен кездесіп, Мемлекет басшысының атынан тонометрді табыстады. Сондай-ақ, оған материалдық көмек көрсетіліп, шипажайға жолдама берілетін болды.

Президент бастау берген челлендж сол күні Jibek Joly телеарнасының студиясында жалғасын тапты. Акцияға сосын MAQSUT NARIKBAYEV UNIVERSITY басқарма төрағасы Талғат Нәрікбаев үн қосты. «Мұсылман қауымда жақсы сөз бар, «Жақсылық жасаудан жарысыңдар» деген. Рамазан айы – нағыз жақсылықты көбірек жасайтын мерзім. Себебі, оның сауабы бірнеше есе болып қайтуы мүмкін. Сондықтан барлығыңызды жақсылық жасауға шақырамын», – деді ол Facebook парақшасында.



«Жүрек жылуына» іле-шала қосылған танымал тележүргізуші Ләйлә Сұлтанқызы өзінің қолына іліккен елордалық оқушы қыздың домбырам болса деймін деген хатын оқып, өнерлі баланың тілегін орындайтынын жеткізді. Ол қайырымдылық челленджінің эстафетасын әріптесі, белгілі тележүргізуші Айгүл Мүкей мен Nomad stunts тобының жетекшісі Жандарбек Күнғожиновқа жолдады.

Эстафетаны жедел іліп әкеткен Айгүл Мүкей фехтования спортын сүйетін оқушы қызға керекті құрал-жабдығын алып беретінін айтып, эстафетаны белгілі футболлист Самат Смақовқа жолдады. Осылайша қайырымдылық тізбегі жалғасын тауып, талай жанды қуанттары сөзсіз.

Нұржамал ӘДІШЕВА.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

«ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы қыркүйектегі Жолдауында «Ұлттық қор – балаларға» атты жаңа бағдарлама әзірлеуді үкіметке тапсырған еді. Аталмыш бағдарлама бойынша 18 жасқа толғанға дейін әрбір қазақстандық баланың арнайы шотына Ұлттық қордан ақша жиналуы тиіс.

«Біз Ата Заңымызда жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі деген басты қағидатты бекіттік. Бұл – құр сөз емес. Бұл – барлық реформаның арқауы. Әрбір отбасы еліміз пайдаланып жатқан ұлттық байлықтың игілігін көруі керек. Сондықтан мен жариялаған Балалар жылының аясында «Ұлттық қор – балаларға» атты мүлде жаңа бағдарламаны жүзеге асыру өте маңызды деп санаймын.

Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызын балалардың арнаулы жинақтаушы есепшотына аударуды ұсынамын. Қаржы әр бала 18 жасқа толғанға дейін аударылып тұрады, оны мерзімінен бұрын есепшоттан шығарып алуға болмайды. Жинақталған қаржы балалар кәмелет жасына толғаннан кейін олардың баспана немесе білім алуына жұмсалатын болады», – деген болатын Мемлекет басшысы өз Жолдауында.

Қаржы министрлігінің баспасөз қызметі Президент тапсырмасы бойынша мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2024 жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» жобасын іске қосудың негізгі тәсілдерін әзірлегенін хабарлады.

Жоспар бойынша Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысы жыл



сайын 18 жасқа дейінгі барлық жастағы балалар арасында бөлінеді. 18 жасқа дейінгі баланың жинақталуының болжамды сомасы шамамен 3,5 мың АҚШ долларын құрауы мүмкін. Дегенмен, Қаржы министрлігі бұл сома экономикалық өзгерістерге байланысты түзетілуі мүмкін екенін ескертеді.

БАҒДАРЛАМА ҚАЛАЙ ІСКЕ АСАДЫ?

Қаржы министрлігінің хабарлауынша, жобаны келесідей механизммен жүзеге асыру жоспарланған:

1. Шоттар «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-да (ЕНПФ) Әділет министрлігінің жеке тұлғаларының дерекқоры негізінде автоматты түрде ашылатын болады. Яғни зейнетақы қорында әр балаға шот автоматты түрде ашылады.

2. Жыл сайын қаңтар айында жобаға

қатысқан сәттен бастап 18 жасқа толғанға дейін «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-дағы балалардың шоттарына шартты түрде қаражат есептелетін болады. Мысалы, егер бала жоба басталған кезде 5 жаста болса, оған жыл сайын 13 жыл ішінде, яғни кәмелетке толғанға дейін Ұлттық қордың инвестициялық табысының бір бөлігі есептеледі.

3. Жобаға Қазақстан Республикасының азаматтығы бар балалар қатысады.

4. Егер 18 жасқа дейінгі бала елден кетіп, өзге елдің азаматтығын алса, онда шотындағы ақшаны алуға құқығы жойылады. Қаражат барлық балалар арасында қайта бөлінеді. Бала елден 18 жасқа дейін азаматтығы ауыспай кеткен жағдайда төлемдерді алуға құқығы сақталады.

5. Шот қаражаты салық салудан босатылады. 18 жасқа толған кезде шоттағы ақша АҚШ долларымен беріледі. Іс жүзін-

де 18 жасқа толғанға дейін ақша Ұлттық қорда қалады және қаржы құралдарына инвестицияланады.

6. 18 жасқа толған кезде қаражат баланың меншігі болады, ол қаражатты қалай пайдалану керектігін өз бетінше шешуі керек (білім алуға немесе тұрғын үй жағдайын жақсартуға). Шоттағы қаражатты шетелдік оқу орнының оқу ақысын төлеу үшін пайдалануға болады. Өз кезегінде тұрғын үй сатып алу үшін қаражатты пайдалану тек Қазақстан аумағында ғана рұқсат етіледі. Осы қаражатқа сатып алынған тұрғын үйді қайта сату бойынша шектеулер болмайды.

7. Қаражатты мақсатты пайдалану үшін «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ өзара іс-қимыл жасайтын уәкілетті операторларды («Отбасы банк» АҚ, екінші деңгейдегі банктер) анықтау ұсынылады.

8. 18 жасқа толғаннан кейін шоттағы қаражат 5–10 жыл бойы сақталады. Егер қаражат осы уақыт аралығында жұмсалмаса, 5–10 жыл ішінде шоттағы қаражатты зейнетақы шотына аудару ұсынылады.

9. Сондай-ақ, азаматтық заңнамаға сәйкес іс жүзінде жинақталған қаражатты мұрагерлік бойынша беру мүмкіндігі көзделеді.

10. Бала әрекетке қабілетсіз болған жағдайда, ата-аналарға (заңды өкілдерге) ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен қаражатты пайдалануға құқық беру жоспарлануда.

Қаржы министрлігінің мәліметінше, жобаны іске асыру үшін осы жылы Қазақстан Республикасының заңнамасына және тиісті нормативтік құқықтық актілерге түзетулер қабылдау жоспарланған.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.

БИЗНЕС БАСТАУ

Экономикалық зерттеулер институтының мәліметінше, жас кәсіпкерлердің ең көп бөлігі Алматы қаласында шоғырланған. Мегалополисте 66 791 жас кәсіпкер бар. Бұл еліміздегі жалпы жас кәсіпкерлердің 16,7%-ын құрайды. Астана қаласында 45 681 жас кәсіпкер бар немесе 11,4%-бен екінші орынға жайғасқан. Халық тығыз қоныстанған Түркістан облысында жасы 30-ға дейінгі жеке кәсіпкерлер бизнес иелерінің 10%-дан астамын (41 551 жас кәсіпкер) құрайды. Тізімнің 4 және 5-орындарында 35 676 жас кәсіпкері бар Шымкент шаһары мен 25 571 жас кәсіпкері бар Алматы облысы орналасқан.

ЖАС
КӘСІПКЕРЛЕР
ОРТАЛЫҒЫ

Алматы қаласы жас кәсіпкерлер саны бойынша бірінші орында

Жалпы, 2022 жылдың соңында Қазақстанда 30 жасқа дейінгі жастардың басшылығымен 400 мыңға жуық бизнес субъектісі жұмыс істеген көрінеді. Сондай-ақ, өткен жылы «Даму» қоры көмегімен жас кәсіпкерлерге жалпы сомасы 61,3 млрд теңгені құрайтын 3 827 жобаға қолдау көрсетілді.

Айта кетерлігі, жас кәсіпкерлер мен іскер әйелдер арасында сауда саласы танымалдығымен ерекше (41,9%). Ал заңды тұлға мәртебесіндегі кәсіпкерлер негізінен құрылыс (15,9%) және кәсіби, ғылыми және техникалық қызметпен де (5,9%) айналысады.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

ҚАРТТАР – ҚАЛА ҚАЗЫНАСЫ



ҚАРИЯЛАРҒА ҚҰРМЕТ – ЗОР МІНДЕТ

Барлық ғұмырын еліміздің гүлденуі мен өркендеуіне арнаған әрбір азаматтың лайықты қартаюы – мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Бүгінгі таңда Алматы қаласында 231 мың зейнеткер тұрады. Бұл – қала халқының 13,1% пайызын құрайды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Қазіргі таңда аға буынның жайлы ортада өмір сүруі үшін барынша қолайлы жағдай жасау үшін көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Әсте «Еңбек ет те, міндет ет» деген тәмсіл тегін айтылмаса керек. Бұл ретте ең алдымен зейнеткерлерге медициналық қызмет көрсету, кедергісіз орта құру, қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүру, денсаулық фестивалдері мен экскурсиялар өткізу міндетті болып отыр.

Еліміз бойынша алғаш рет 2018 жылы Алматы қаласында Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» ашылған еді. Ұзақ мерзімді бағдарламаға мемлекет тікелей қолдау көрсетіп, қазіргі уақытта орталықтың қатары арта түскен. Дәл қазір қала көлемінде мемлекеттік-жекеменшік әріптестік құқығындағы 9 орталық жұмыс істеп жатыр. Сонымен қатар, өткен жылдың қыркүйек айынан бастап «Белсенді ұзақ өмір сүрудің» қалалық орталығы да өз жұмысын бастаған еді. Ашылған күннен бастап жаңа орталық қала зейнеткерлеріне әлеуметтік қызметтер көрсете бастады.

Алматы қаласы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының директоры Сәуле Бекетаеваның айтуынша, бүгінде орталыққа 1037-ден астам зейнеткер тіркелсе, өткен жылы оларға 12 323 қызмет түрі көрсетілген.

Жалпы, «Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары» егде жастағы азаматтарға қоғам өмірінің әртүрлі салаларына қатысу мүмкіндігін кеңейтуге, белсенді азаматтардың санын көбейтуге, олардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан өзге қалалар да қазіргі кезде аталмыш орталықты ашуды бастап кетті.

Орталықтағы тәжірибелі мамандар мен нұсқаушылар 8 бағыт бойынша қызмет түрін көрсетеді. Мәселен, білім беру, психологиялық, медициналық-әлеуметтік іс-шаралардың барлығы өз қызметтерін тегін ұсынады. Қала қарттарының бос уақыттарын тиімді өткізуі үшін «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында көрсетілетін қызметтердің 30-дан астам түрі қарастырылған. Мәселен, зейнеткерлер йога, скандинавиялық жүріс, серуендеу, емдік дене шынықтыру, цигун, тайчи, би және т.б. жаттығуларға қатыса алады. Қазіргі өркениет заманында ересек адамдар да барлық жаңалықтан хабардар болуы керек. Бұл үшін орталықта смартфон және компьютерлік сауаттылық курстары ұйымдастырылған. Қалалық қариялар бос уақыттарында орталыққа келіп, шахмат пен тоғызқұмалақ ойнайды. Сондай-ақ, зейнеткерлер кескіндеме, хор, вокал, қолмен бұйым жасау, гардентерапия сияқты сабақтарға аса қызығушылықпен қатысады. Мәселен, сәндік-қолданбалы өнер сабақтары мидың жұмысы мен саусақтың ұсақ моторикасын жақсартады. Жалпы, қолдан жасалған бұйымдардың адамға жағымды эмоциялар беретін қасиеті бар екенін ғалымдар да дәлелдеп отыр.

– Кезінде мұндай орталықтар болған жоқ. Менің бір байқағаным, қарияларымыздың қолдары етті. Тек кезінде отбасы, жұмыс деген тіршілікпен қолымыз босаған жоқ. Зейнетке шыққан соң адамның қолы босайды екен. Мәселен, мен өлең шығарамын, тоқыма тоқимын, құрақ көрпе тігемін, – дейді Дина Сәрсенова есімді зейнеткер.

Сондай-ақ, зейнеткерлер әлеуметтік-құқықтық консультацияларға жиі қатысады. Олар «Қоғамдағы түрлі мәселелерге атсалысу үшін құқықтан да хабарың болу керек», – дейді. Бір қызығы, соңғы кездері орталыққа келіп, ағылшын және қазақ тілдерін тереңірек үйренгісі келетін қариялардың да қатары

көбейіп келеді. Орталықта өнерге икемі бар қариялар домбыра мен гитарада ойнауды үйренеді. Әсіресе, «Айкүне» емдеу-сауықтыру гимнастикасы – дәстүрлі қазақ жаттығуларының кешені, есте сақтау қабілетін нығайту техникасы сияқты жаттығулар ерекше сұранысқа ие. Орталықта дәрігер-психологтар, кинезиологтар өзін-өзі сауықтыру жүйесі бойынша тренингтер, диетология және нутрициология бойынша ақыл-кеңестер беріп отырады.

Орталықта көрсетілетін қызметтің бір түрі – әлеуметтендіру мақсатында мұражайларға, саябақтарға, демалыс аймақтарына экскурсиялар жүргізіп, Шарын шатқалына, Есік қаласындағы «Алтын адам» мұражайына, Ботаникалық баққа, «Орман ертегісіне» саяхаттар, тіпті ағылшын тілін табиғат аясында үйрену курстары да жиі ұйымдастырылады.

Дәл қазір Алматының барлық ауданындағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарында көптеген қызмет түрлері көрсетіледі. Орталықтар қарияларға әлеуметтік қызмет көрсететін үкіметтік емес ұйымдармен өзара байланыс орнатып, өз кезегінде олар аудан орталықтарына әдістемелік көмектер көрсетіп отырады.

– Қаламыздың барлық ауданында осындай орталықтар жұмыс жасайды. Қазіргі таңда көптеген зейнеткерлеріміз өздерінің физикалық, психоэмоционалды жағдайларының жақсарғанын айтып жатыр. Қарттарымыз салауатты өмір салтын ұстану арқылы өз өмірлерінің өзгергенін айтады. Олар бір-бірімен жақын араласып, достық арқылы өздерінің қабілеттерін дамытып жатыр.

Әрине, осындай жұмыстар арқылы біз де қуанышқа кенелеміз. Қарияларға психологиялық қолдау көрсету арқылы өмірдің қызығын сезінуге мүмкіндік береміз. Олардың физикалық, шығармашылық, зияткерлік әлеуетін сақтау және дамыту арқылы оңалту жүйесін дамыту қажеттілігі қалыптасады, – дейді Сәуле Бекетаева.

Осы ретте қаламыздың белсенді жас тұрғындарының қарттарға көмек қолын созып, қашан да қолдау білдіруге дайын екенін айта кеткеніміз орынды. Әсіресе, «Алматы жас дәрігерлер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығымен тығыз байланысып, осы жобаның белсенді қатысушысы болып отыр.

Жалпы, аталмыш жобаның мақсаты – Алматы қаласының зейнеткерлерінің белсенділігін арттырып, денсаулық жағдайын жақсарту, жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, орталықтарда зейнеткерлер өз білімдерін толықтырып, өздеріне сырлас, сыйлас достар табады.

КЕРЕК ДЕРЕК

* Қала көлемінде 9 орталық бар.

* Орталықта 1037-ден астам зейнеткер тіркелген.

* Мекемеде 12323 қызмет түрі көрсетілген.



GUINNESS WORLD RECORDS

«ШЫМБҰЛАҚ» ТАУ ШАҢҒЫ КУРОРТЫ

Гиннестің рекордтар кітабына енді

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

(Басы 1-бетте).

Шараға Қазақстанның Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев қатысты.

«Шымбұлақ» тау курорты әлемдегі ең биік түнгі шаңғы трассасы ретінде ресми түрде Гиннес рекордын бағындырғанын сіздерге жеткізгелі тұрмын. Осынау қуанышты хабарды сіздерге сүйіншілей жеткізудің өзі мен үшін зор қуаныш. Өйткені, бұл әлемдегі жаңа рекорд», – деді Шейд Субаши-Гемиджи.



Асхат ОРАЛОВ, ҚР Мәдениет және спорт министрі:

– Бұл – баршамыз үшін тарихи сәт. Біздің «Шымбұлақ» тау шаңғы курортымыз Гиннестің рекордтар кітабына енді. Мұны еліміз үшін үлкен мақтаныш деп айтуға болады. Болашақта туристердің саны көбейетіні сөзсіз. Ішкі және сыртқы туризмді дамыту үшін жасалған қадамдардың бірі. Туристік маусымның нақты көрсеткіші бойынша тарихта алғаш рет «Шымбұлаққа» 1 миллионнан астам турист келді. Әрине, біздің әлеуетіміз зор. Жалпы, қазіргі таңда Мәдениет және спорт министрлігінің араласуымен нақты қадамдар қабылдануда. Еліміздің туризм саласын дамытуға арналған 7 жылдық тұжырымдамасы әзірленген болатын. Мұндағы маңызды тараптарының бірі, әрине, ол – «Шымбұлақ».

Өз кезегінде «Шымбұлақ» ММ бас директоры Ринат Абдрахманов «6 ай ішінде осы трассаны салып, 25 тірек тұрғызып, беткейдің төрт шақырымдай ұзақтығын түнгі жарықтандыру керек болды», – деп атап өтті.

Салтанатты рәсімнен соң қызыл лента кесіліп, ең биік түнгі тау шаңғысы трассасымен төмен қарай жаппай сырғанау рәсімі өтті.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

КИНОКЕҢІСТІК

Режиссер Еркін Рақышевтың «Бақытыңды аяла» фильмінің тұсаукесері өтті. Кинокартина мейірімділік пен қайырымдылықты, адамгершілікті насихаттайды.

Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Бұл фильмді түсіруге 30 мың АҚШ долларын жұмсадық. Адамдардың бір-біріне жаны ашымайтын заманда осындай фильмдер болуы қажет. Осылайша қоғамда жанаушы адамдар көбейеді. Менің осы уақытқа дейін түсірген картиналарымның барлығы қоғамдағы жайттарды айқындайды. Актерларымыз да кәсіби мамандар емес, өзім лайықты деп таңқандар. Қаражат жағынан көптеген қиындық көрдік. Мемлекеттің немесе жеке тұлғалардың қаражатына түсірілмеді. Адамдардың жүрегіне жылу сыйлайтын фильмді еліміздің барлық кинотеатрынан тамашалай аласыздар», – дейді режиссер Еркін Рақышев.

Фильмнің қысқаша мазмұнына келер болсақ, жастардың басынан өтетін қиындықтар, күресу жолдары, махаббат жайлы баяндалады. Бірде құрылыста жұмыс істеп жүрген Қуат есімді жігіт халыққа пайдасын тигізу мақсатында ауруханаға ерікті болып жұмысқа кіреді.

Елімізде COVID-19 ауруы өршіп тұрған кезеңде, шынымен де басты кейіпкердің көмегі елге тиеді. Бірде жедел жәрдем ауруханаға дем ала алмай жатқан ауыр наукас қызды алып келеді. Тыныс алу аппараты істемей қалып, Қуат өзінің өмірін қауіпке тігіп жасанды дем беру арқылы қызды аман алып қалады. Арада біраз уақыт өткенде екеуі кездейсоқ кездесіп, бір-біріне ғашық болады. Қуат қызды танығанымен, оны Аружанға айтпайды. Аружан өзін құтқарған жігіттің Қуат екенін білмейді. Осылайша екі жастың арасында махаббат пайда болады. Дегенмен, екеуі де өмірден түрлі қиындықтарын бастан кешіреді.

«БАҚЫТЫҢДЫ АЯЛА»



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Мен кәсіби актер емеспін. Киноға келуім қызық болды. Екі дипломым бола тұра, даяшы болып жұмыс істеймін. Бір күні осы фильмге кастинг жарияланып, тиісті құжаттарды өткіздім. Бірақ кастинг болатын күні мен бара алмай қалдым. Кейін Еркін ағам өзі келіп мені басты рөлдердің бірін ойнауға шақырғанда, қуанып қалдым. Фильмде мен мейірімді, жақсылыққа жаны құш-

тар жастардың бірі боламын. Бұл фильмді қарап отырсаңыз, ойланар дүниелер өте көп. Көркем туынды бір жылдың ішінде түсірілді. Алматы қаласының ең сәнді, әрі көрікті жерлерінде сәтті кадрлар жасадық. Маған барлығы ұнады. Актерлармен дос болып кеттік. Барлығына рахметімді айтамын», – дейді фильмнің басты кейіпкері Абай Мәжитов.



«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

АЛМАТЫНЫ КӨРКЕЙТУГЕ ҮЛЕС ҚОСЫҢЫЗ!

Әрбір жоба халықтың талап-тілегімен, тұрғындардың талғамына қарай жасалады



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҰЛЫ.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Аталмыш бағдарламаның Алматы үшін пайдасы зор. Бүгінде дәл осы жобаның аясында қала көркейіп, гүлденіп келеді.

Бүгінде бағдарлама аясында жергілікті бюджет қаражаты есебінен қалалық органы дамыту бойынша өтінімдер қабылдау жалғасып жатыр.

Алматылықтар 30 наурызды қоса алғанда budget.open-almaty.kz интернет-портал арқылы өз ауданын абаттандыру бойынша жобалық ұсыныстарын бере алады.

● ТҮРКСІБ АУДАНЫ

Әдемі алаңға қол жеткіздік

Биыл «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 14 жер абаттандырылып, 10 балалар және спорт алаңы, 4 тереңдетілген контейнер алаңы жасалған.

Сонымен қатар, бағдарлама аясында Хмельницкий көшесіндегі саябақ жөңделген. Түрксіб ауданына кіре берістегі бос учаскелер абаттандырылған. Түрксіб аудандық көріктендіру бөлімінің басшысы Сәкен Баясылдың айтуынша, ауданда тұрғындардың ұсынысы бойынша 28 жоба қолға алынған. Солардың бірі – Кондратович көшесінің тұрғындары еді. Олар қараусыз жатқан жерді абаттандыруға жобаларын ұсынып, кейіннен бұл ұсыныс назарға алынған. Бүгінде жоба 100% жүзеге асқан.

Міне, белсенді тұрғындардың атсалысуымен игерусіз қалған жер бүгінде осындай (суретте) заман талабына сай алаңға айналған. Айналасы абаттандырылған аймақта қазір Түрксібтің кішкентай тұрғындары алаңсыз ойнап жүр.

Аудан тұрғыны, яғни автордың айтуынша, ең қиыны эскизін сызу болыпты. Жоба авторы Александр Блинковтың айтуынша, бұл жер қамысқа толы болған.

Күн ысыған кезде ол жерлер жалынға оранып, тұрғындарды әуре-сарсаңға салатын. «Халық қатысатын бюджетке» өтінім жіберіп, былтыр осындай алаңға қол жеткіздік.

Өзіміз көршілермен ақылдасып, балалар ойнайтын алаң керек деп шештік. Күнделікті айналысып жүрмегендіктен, эскизін жасағанда сәл қиналғанымыз рас», – дейді ол.



Жобаға өтінім қабылдау жалғасуда

Құрметті оқырман! Сіз де, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы арқылы қаланы көркейтуге өз үлесіңізді қоса аласыз. Ол үшін жақсы идеяңызды ұсынып, өтініш білдірсеңіз жетіп жатыр. Егер ол халық игілігі үшін жұмыс істейтіндей жоба болса, ол міндетті түрде жүзеге асады.

Бүгінде бағдарламаға өтініш қабылдау жалғасып жатыр. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы

бойынша кеңесті Алматы қаласының аудандық әкімдіктерінен, сондай-ақ Алматы әкімдігінің Open Almaty қоғамдық қабылдау бөлмесінен алуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, қалалық бағдарлама аясында тек жаңадан алаңқайлар мен футбол алаңдарын салу ғана жүргізілмейді. Сондай-ақ, көптен жөндеу көрмей, қараусыз қалған аулаларға күрделі жұмыс та жасалады.

Идеяларымыз жүзеге асып жатыр

Қала тұрғындарының атсалысуымен жүзеге асып жатқан бағдарламаның нәтижесін бүгінде шаһардың барлық аудандарынан байқауға болады. Мәселен, Наурызбай ауданында жоба қолға алынғалы бері 107 жоба жүзеге асқан. Көріктендіру бөлімінің басшысы Жандос Тәкібаевтың айтуынша, әрбір жоба халықтың талап-тілегімен, тұрғындардың талғамына қарай жасалған. Наурызбайлық тұрғындарды сөзге тартып әңгімелескенімізде, көпшілік ауданның жағдайы алғаш құрылған жылдары онша мез болмаған дейді. Айтуларынша, уақыт өте келе, аймақта тұрғын үйлер бой көтеріп, көшелерге асфальт төселген. Кейіннен «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы арқылы айнала адам танымастай өзгерген.

«Біз үшін ең басты қажеттілік балалар алаңы, сосын бір мезгіл демалып, таза ауада серуендеуге арналған қоғамдық орын қажет болды. Сол кезде балаларымыз

қала орталығындағы секілді ойын алаңдарында қашан ойнар екен деп армандайтынбыз. Қала әкімінің тұрғындармен кездесулерінің бірінде осы бағдарламаның әлі де жүзеге асып жатқанын білдік. Белсенді тұрғындар халық сұранысын қанағаттандыратын идеяларға басымдық бере отырып, көпшілік қолдануға болатын жобалар жасадық», – дейді аудан тұрғыны Құралай Қыдырәліқызы.

Тұрғындардың айтуынша, мына жер бұрын (суретте) топырағы аспанға көтеріліп, қараусыз жатқан жер болған екен. Ал бүгін мұнда тұрғындар ұсынған идеяның жобасымен балалар ойнайтын заманауи үлгідегі алаң бой көтеріпті. Өзен жағасына жаяу жүргіншілер жолы түсіп, айналасы безендірілген соң бірнеше жерге жарық орнатылған. Қазір міне, балалар асыр салып ойнайтын, көпшілік серуендеуге болатын жайлы мекенге айналған. Байқағанымыз, бүгінде бұл жерден адам үзілмейді екен.

● ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Бағдарлама үшін рахмет!

Халықтың бюджетке қатысуы арқылы жүзеге асқан жоба Әуезов ауданында да бар. Қаланың қарбаласынан бас сауғалаған ел кешқұрым келіп спорттық жаттығуға ден қойып, экстрималды спортқа да қатыса алады.

Жоба авторларының бірі Юлия Жарокова бұған дейін де бірнеше идея ұсынып, барлығын жүзеге асырған екен. «Аталмыш бағдарламаның ең алдымен халықтың ойында жүрген идеяларын жүзеге асыруға бағытталғаны қуантады», – дейді ол.

Ал Әуезов ауданы көріктендіру бөлімінің бас маманы Данияр Сапаштың айтуынша, тұрғындарды толғандыратын мәселелердің бірі – қоғамдық кеңістіктерді, сондай-ақ аула аумақтарын абаттандыру және дамыту. Қазіргі таңда бұл ба-

ғытта халықтың өмір сүруіне, ауданды көгалдандыруға жайлы және қолайлы орта құру бойынша кешенді шаралар жүргізу жалғасуда. Мәселен, ауданда бірнеше кезеңнен тұратын жобаның құрылысы жүріп жатыр. Онда балаларға арналған спорт алаңы, халық демалатын орын, балаларға арналған скейт саябағы салынбақ.

«Халық қатысатын бюджет» аясында 2022 жылы барлық іріктелген 23 жоба бойынша 800 млн теңге сомасына құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілген.

2023 жылғы 19 наурызда Алматы қаласы мәслихатының партиялық тізімдер бойынша сайланатын депутаттарының сайлауы болып өтті.

Сайлауға 6 саяси партия катысты.

Саяси партиялар үшін дауыс саны:

«Amanat» партиясы – 151 531 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 51,94 проценті;

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы – 8264 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар
ыстарының 2,83 проценті;

«Respublica» партиясы – 38 369 дауыс немесе дауыс беруге катыскан сайлаушылар дауыстарынын 13,15 проценті:

Қазақстан Халық партиясы – 38 563 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының 13,22 проценті;
Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 23 266 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының

7,97 проценти;

«Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы – 15 273 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылар
ыстарының 5,23 проценті;

«Бәріне қарсымын» белгісі бар сайлау бюллетеньдер саны – 16 490.

Дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыстарының бес және одан көп процентін алған саяси партиялар үшін депутаттық мандаттардың былайша бөлінгені белгіленсін:

«Amanat» партиясы – 12;

«Respublica» партиясы – 3;

Қазақстан Халық партиясы – 3;

Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы – 2;

«Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы – 1.

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы

**2023 жылғы 19 наурызда өткен Алматы қаласы
мәслихаты депутаттарының сайлау
қорытындылары туралы
ХАБАР**

Сайлаушылардың тізімдеріне 1 202 078 азамат енгізілді. Дауыс беруге 289 465 сайлаушы қатысты, олардың ішінде есептен шығару куәліктері бойынша – 0 сайлаушы дауыс берді, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс – 2 658 сайлаушы дауыс берді.

Округтердің жалпы саны – 21. Кандидаттардың жалпы саны – 144.

Алматы қаласы мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттары сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты	Дауыстардың саны
№ 1 сайлау округі	
Альжанов Кажымухан Орынбекович Альжанов Кажымухан Орынбекович	644 (алты жүз қырық төрт)
Әбдуәли Ербол Әбдісахиұлы Әбдуәли Ербол Әбдісахиұлы	1 724 (бір мың жеті жүз жиырма төрт)
Әбілқайыр Олжас Ерсарыбекұлы Әбілқайыр Олжас Ерсарыбекұлы	503 (бес жүз үш)
Кожанов Жасұлан Ертайұлы Кожанов Жасұлан Ертаевич	699 (алты жүз тоқсан тоғыз)
Мухамедиев Қайрат Тлеулиевич Мухамедиев Қайрат Тлеулиевич	882 (сегіз жүз сексен екі)
Таранов Харсан Қызаевич Таранов Харсан Қызаевич	2 740 (екі мың жеті жүз қырық)
Турсунов Аким Хазреталиевич Турсунов Аким Хазреталиевич	4 080 (төрт мың сексен)
Шамова Арайлым Мәтжанқызы Шамова Арайлым Мәтжанқызы	901 (тоғыз жүз бір)
Бәріне қарсымын Против всех	853 (сегіз жүз елу үш)
№ 2 сайлау округі	
Аманбаев Сабит Шаяхметович Аманбаев Сабит Шаяхметович	2 281 (екі мың екі жүз сексен бір)
Джантелиев Дастан Темиралиевич Джантелиев Дастан Темиралиевич	4 942 (төрт мың тоғыз жүз қырық екі)
Құрымбаев Болат Токтобаевич Құрымбаев Болат Токтобаевич	1 473 (бір мың төрт жүз жетпіс үш)
Медеубаев Омирбек Досжанович Медеубаев Омирбек Досжанович	1 264 (бір мың екі жүз алпыс төрт)
Сергеев Владимир Сергеевич Сергеев Владимир Сергеевич	783 (жеті жүз сексен үш)
Толысбаев Орынбасар Избасарович Толысбаев Орынбасар Избасарович	1 369 (бір мың үш жүз алпыс тоғыз)
Бәріне қарсымын Против всех	705 (жеті жүз бес)
№ 3 сайлау округі	
Балатаев Айдос Опабекұлы Балатаев Айдос Опабекұлы	1 405 (бір мың төрт жүз бес)
Бекенова Гульжан Мирзалиевна Бекенова Гульжан Мирзалиевна	2 524 (екі мың бес жүз жиырма төрт)
Биқов Ернар Есенгелдіұлы Биқов Ернар Есенгелдинович	1 276 (бір мың екі жүз жетпіс алты)
Йылмаз Сафарауль Йылмаз Сафарауль	1 253 (бір мың екі жүз елу үш)

Кадыркулова Алмагуль Карашевна Кадыркулова Алмагуль Карашевна	1 231 (бір мың екі жүз отыз бір)
Керімқұлов Жасұлан Шайзатұлы Керимкулов Жасулан Шайзатович	1 193 (бір мың бір жүз тоқсан үш)
Мерхамиткызы Фарида Мерхамиткызы Фарида	1 152 (бір мың бір жүз елу екі)
Нұрғали Дәурен Баратұлы Нұрғали Дәурен Баратұлы	1 396 (бір мың үш жүз тоқсан алты)
Рахимбаев Нурланбек Есенгожинович Рахимбаев Нурланбек Есенгожинович	1 198 (бір мың бір жүз тоқсан сегіз)
Бәріне қарсымын Против всех	1057 (бір мың елу жеті)
№ 4 сайлау округі	
Анохин Юрий Владимирович Анохин Юрий Владимирович	5 619 (бес мың алты жүз он тоғыз)
Башинская Анна Романкызы Башинская Анна Романовна	7 563 (жеті мың бес жүз алпыс үш)
Ералиева Акеркін Егембергенкызы Эралиева Акеркин Эгамбергановна	3 436 (үш мың төрт жүз отыз алты)
Жуматаев Болат Аманбайұлы Жуматаев Болат Аманбаевич	2 571 (екі мың бес жүз жетпіс бір)
Капасов Думан Жандосұлы Капасов Думан Жандосович	540 (бес жүз қырық)
Молдасанов Азамат Шорманханұлы Молдасанов Азамат Шорманканович	432 (төрт жүз отыз екі)
Печенкин Тимур Александрович Печенкин Тимур Александрович	627 (алты жүз жиырма жеті)
Утешов Азамат Зайнеденұлы Утешов Азамат Зайнеденович	346 (үш жүз қырық алты)
Бәріне қарсымын Против всех	475 (төрт жүз жетпіс бес)
№ 5 сайлау округі	
Романовская Светлана Юрьевна Романовская Светлана Юрьевна	4 828 (төрт мың сегіз жүз жиырма сегіз)
Тынысов Жандос Әбдікашұлы Тынысов Жандос Абдикашович	1 703 (бір мың жеті жүз үш)
Умирбаева Зауреш Абилгожановна Умирбаева Зауреш Абилгожановна	5 113 (бес мың бір жүз он үш)
Бәріне қарсымын Против всех	116 (бір жүз он алты)
№ 6 сайлау округі	
Асабаев Махамбет Кайпназарович Асабаев Махамбет Кайпназарович	3 355 (үш мың үш жүз елу бес)
Әбитаева Әсия Опапбеккызы Абитаева Асия Опапбековна	213 (екі жүз он үш)
Байниязов Бақыт Серікбайұлы Байниязов Бахыт Серикбаевич	2 130 (екі мың бір жүз отыз)
Жұмабаев Бақытбек Әшімұлы Жұмабаев Бақытбек Ашимович	6 923 (алты мың тоғыз жүз жиырма үш)
Тлеубердина Айгуль Суюғалиевна Тлеубердина Айгуль Суюғалиевна	2 663 (екі мың алты жүз алпыс үш)
Бәріне қарсымын Против всех	266 (екі жүз алпыс алты)
№ 7 сайлау округі	
Айтбаев Марат Төленегұлы Айтбаев Марат Төленегұлы	781 (жеті жүз сексен бір)
Бахтиярқызы Альбина Бахтиярқызы Альбина	935 (тоғыз жүз отыз бес)

Бөлекбаев Жұмағазы Қалиақпарұлы Бөлекбаев Жұмағазы Қалиақпарович	293 (екі жүз тоқсан үш)
Жұмабеков Байділда Бакбергенұлы Жұмабеков Байдилда Бакбергенович	532 (бес жүз отыз екі)
Көбеева Алтынай Орманқалиқызы Көбеева Алтынай Орманкалиевна	2 494 (екі мың төрт жүз тоқсан төрт)
Мұхтаров Равкат Шаукетұлы Мухтаров Равкат Шаукетулы	923 (тоғыз жүз жиырма үш)
Оразбаев Жанғали Асембекұлы Оразбаев Жанғали Асембекович	271 (екі жүз жетпіс бір)
Тоғанбеков Ерлан Султанұлы Тоғанбеков Ерлан Султанович	511 (бес жүз он бір)
Утегенов Бахтыбай Мажитұлы Утегенов Бахтыбай Мажитович	296 (екі жүз тоқсан алты)
Бәріне қарсымын Против всех	2 105 (екі мың бір жүз бес)
№ 8 сайлау округі	
Әділбеков Асылбек Асайұлы Адилбеков Асылбек Асаевич	1 441 (бір мың төрт жүз қырық бір)
Байгуттинов Серікжан Қадірәліұлы Байгуттинов Серикжан Кадралинович	729 (жеті жүз жиырма тоғыз)
Елеусізов Тимур Мәлсұлы Елеусизов Тимур Мәлсович	1 854 (бір мың сегіз жүз елу төрт)
Қарағұлов Ерулан Серікұлы Қарагулов Ерулан Серикович	1 472 (бір мың төрт жүз жетпіс екі)
Қонысбек Азат Құсманұлы Қонысбек Азат Құсманұлы	444 (төрт жүз қырық төрт)
Манашев Алихан Абенұлы Манашев Алихан Абенұлы	730 (жеті жүз отыз)
Маханбаев Косай Каримғалиевич Маханбаев Косай Каримғалиевич	409 (төрт жүз тоғыз)
Бәріне қарсымын Против всех	1 290 (бір мың екі жүз тоқсан)
№ 9 сайлау округі	
Ахметов Бектұрған Султанғалиұлы Ахметов Бектурган Султанғалиевич	1 897 (бір мың сегіз жүз тоқсан жеті)
Бейсембаев Талмас Серикулы Бейсембаев Талмас Серикулы	1 423 (бір мың төрт жүз жиырма үш)
Козлов Сергей Анатольевич Козлов Сергей Анатольевич	7 175 (жеті мың бір жүз жетпіс бес)
Щекутеев Александр Ергалиұлы Щекутеев Александр Ергалиевич	885 (сегіз жүз сексен бес)
Бәріне қарсымын Против всех	1 806 (бір мың сегіз жүз алты)
№ 10 сайлау округі	
Абдикаликова Ақмарал Қамбарқызы Абдикаликова Ақмарал Камбаровна	446 (төрт жүз қырық алты)
Айдарбеков Биржан Кенесович Айдарбеков Биржан Кенесович	405 (төрт жүз бес)
Аюпов Ғани Советбекович Аюпов Ғани Советбекович	1 242 (бір мың екі жүз қырық екі)
Жумадилов Бекмурат Смагулович Жумадилов Бекмурат Смагулович	492 (төрт жүз тоқсан екі)
Ибрагимұлы Болат Ибрагимұлы Болат	6 153 (алты мың бір жүз елу үш)
Сералиев Максат Серікұлы Сералиев Максат Серикович	4 910 (төрт мың тоғыз жүз он)
Бәріне қарсымын Против всех	1 326 (бір мың үш жүз жиырма алты)
№ 11 сайлау округі	
Бейсекенов Серік Аманжолұлы Бейсекенов Серик Аманжолович	671 (алты жүз жетпіс бір)
Бегалин Қайрат Талапұлы Бегалин Қайрат Талапович	4 862 (төрт мың сегіз жүз алпыс екі)
Жампейіс Көпесбай Оразбайұлы Жампиисов Күлесбай Оразбаевич	2 279 (екі мың екі жүз жетпіс тоғыз)
Қарақожаев Бейбітжан Төкенұлы Қарақожаев Бейбитжан Токенович	636 (алты жүз отыз алты)
Қарнакбаев Нурлан Тойбайұлы Қарнакбаев Нурлан Тойбаевич	647 (алты жүз қырық жеті)
Стамбеков Токтарқажы Стамбеков Токтарқажы	700 (жеті жүз)
Тәжібаев Жұмабай Тажибаев Джумабай	782 (жеті жүз сексен екі)
Турыбекова Айгүл Туаркызы Турыбекова Айгуль Туаровна	3 804 (үш мың сегіз жүз төрт)
Бәріне қарсымын Против всех	1 238 (бір мың екі жүз отыз сегіз)
№ 12 сайлау округі	
Абдрахманова Айжан Серікқызы Абдрахманова Айжан Серікқызы	464 (төрт жүз алпыс төрт)



Асипова Жанна Медеукызы Асипова Жанна Медеуовна	691 (алты жүз тоқсан бір)
Елубай Айбек Елубай Айбек	389 (үш жүз сексен тоғыз)
Зулеев Мухтар Махамбетович Зулеев Мухтар Махамбетович	3 385 (үш мың үш жүз сексен бес)
Калашников Иван Николаевич Калашников Иван Николаевич	757 (жеті жүз елу жеті)
Рахменшеев Сапар Құттыбайұлы Рахменшеев Сапар Құттыбаевич	2 224 (екі мың екі жүз жиырма төрт)
Сарсенбаев Айдос Абылханович Сарсенбаев Айдос Абылханович	612 (алты жүз он екі)
Стадничук Денис Иванович Стадничук Денис Иванович	1 054 (бір мың елу төрт)
Ташимова Салтанат Жарылқаповна Ташимова Салтанат Жарылқаповна	2 346 (екі мың үш жүз қырық алты)
Токсанбетов Нұрлан Сембайұлы Токсанбетов Нұрлан Сембаевич	485 (төрт жүз сексен бес)
Бәріне қарсымын Против всех	549 (бес жүз қырық тоғыз)
№ 13 сайлау округі	
Акишева Дамира Серикбаевна Акишева Дамира Серикбаевна	2 505 (екі мың бес жүз бес)
Әбдікерімов Керімжан Ермұханбетұлы Әбдікерімов Керімжан Ермұханбетұлы	366 (үш жүз алпыс алты)
Ембердиева Нурсулу Байдильдаевна Ембердиева Нурсулу Байдильдаевна	333 (үш жүз отыз үш)
Игембергенов Ербол Бахытович Игембергенов Ербол Бахытович	1 890 (бір мың сегіз жүз тоқсан)
Корытько Владимир Юрьевич Корытько Владимир Юрьевич	2 159 (екі мың бір жүз елу тоғыз)
Сауранбаев Ералы Болатұлы Сауранбаев Ералы Болатович	3 576 (үш мың бес жүз жетпіс алты)
Тойганбаева Жанна Ирановна Тойганбаева Жанна Ирановна	1 039 (бір мың отыз тоғыз)
Бәріне қарсымын Против всех	425 (төрт жүз жиырма бес)
№ 14 сайлау округі	
Айнебекова Бақыт Алпысбайқызы Айнебекова Бақыт Алпысбаевна	713 (жеті жүз он үш)
Есембаев Қайрат Байғалиұлы Есембаев Қайрат Байғалиұлы	1 752 (бір мың жеті жүз елу екі)
Қарақұлова Айнұр Аханқызы Қарақұлова Айнұр Ахановна	1 481 (бір мың төрт жүз сексен бір)
Пазылхайрова Гүлбану Тәжібайқызы Пазылхайрова Гүлбану Тажикбаевна	2 232 (екі мың екі жүз отыз екі)
Рақышев Еркінбек Әбдіғаппарұлы Рахитов Еркінбек Абдығаппарович	2 629 (екі мың алты жүз жиырма тоғыз)
Рахимов Диас Қазбекұлы Рахимов Диас Қазбекович	1 967 (бір мың тоғыз жүз алпыс жеті)
Сәрсен Бақытжан Ғаділжанұлы Сәрсен Бақытжан Ғаділжанұлы	614 (алты жүз он төрт)
Секербаева Жанар Сансызбаевна Секербаева Жанар Сансызбаевна	1 776 (бір мың жеті жүз жетпіс алты)
Теменов Айбын Айдосұлы Теменов Айбын Айдосұлы	988 (тоғыз жүз сексен сегіз)
Бәріне қарсымын Против всех	544 (бес жүз қырық төрт)
№ 15 сайлау округі	
Ділдебек Дидарбек Жұмағалиұлы Ділдебек Дидарбек Жұмағалиұлы	1 069 (бір мың алпыс тоғыз)
Зейнел-Ғабдин Сәкен Зейнел-Ғабдин Сәкен	1 179 (бір мың бір жүз жетпіс тоғыз)
Молдаш Серікбол Азатұлы Молдаш Серікбол Азатұлы	168 (бір жүз алпыс сегіз)
Өтемисов Мұрат Мұсаұлы Утемисов Мұрат Мұсаевич	7 270 (жеті мың екі жүз жетпіс)
Сералин Бауыржан Болатбекұлы Сералин Бауыржан Болатбекович	3 209 (үш мың екі жүз тоғыз)
Смағұлов Асан Токтарханович Смағұлов Асан Токтарханович	315 (үш жүз он бес)
Чинтасов Серик Гайнединович Чинтасов Серик Гайнединович	1 320 (бір мың үш жүз жиырма)
Бәріне қарсымын Против всех	145 (бір жүз қырық бес)
№ 16 сайлау округі	
Данияров Әнуар Төрекелдіұлы Данияров Ануар Тургельдиевич	314 (үш жүз он төрт)
Джусеева Қарашаш Ўзбекбайқызы Джусеева Қарашаш Ўзбекбайқызы	7 272 (жеті мың екі жүз жетпіс екі)
Иманалиев Аскар Муратұлы Иманалиев Аскар Муратович	312 (үш жүз он екі)
Нұртаев Тимур Таймасұлы Нұртаев Тимур Таймасович	6 712 (алты мың жеті жүз он екі)

Бәріне қарсымын Против всех	315 (үш жүз он бес)
№ 17 сайлау округі	
Ахметов Жасулан Маратович Ахметов Жасулан Маратович	701 (жеті жүз бір)
Моминбаев Жомарт Байзақұлы Моминбаев Жомарт Байзақович	2 729 (екі мың жеті жүз жиырма тоғыз)
Нәбиев Әміржан Әміржанұлы Нәбиев Амиржан Амиржанович	6 383 (алты мың үш жүз сексен үш)
Соломко Валерий Александрович Соломко Валерий Александрович	3 072 (үш мың жетпіс екі)
Түлеубаев Алишер Батыхович Түлеубаев Алишер Батыхович	475 (төрт жүз жетпіс бес)
Бәріне қарсымын Против всех	1 071 (бір мың жетпіс бір)
№ 18 сайлау округі	
Мұхаметхан Сабыржан Мухаметхан Сабыржан	1 578 (бір мың бес жүз жетпіс сегіз)
Мусаев Улан Жолдошбекович Мусаев Улан Жолдошбекович	418 (төрт жүз он сегіз)
Тастекеев Дулат Тұрсынович Тастекеев Дулат Тұрсынович	1 786 (бір мың жеті жүз сексен алты)
Таукенов Азамат Ақынович Таукенов Азамат Ақынович	635 (алты жүз отыз бес)
Тұрабаев Қуаныш Әуесханұлы Тұрабаев Қуаныш Аусесханович	284 (екі жүз сексен төрт)
Ізбасар Дәурен Жандарұлы Ізбасар Дәурен Жандарұлы	314 (үш жүз он төрт)
Бәріне қарсымын Против всех	910 (сегіз жүз он)
№ 19 сайлау округі	
Гасанов Карим Мұхлисович Гасанов Карим Мұхлисович	530 (бес жүз отыз)
Садердинова Дина Тимуровна Садердинова Дина Тимуровна	1 170 (бір мың бір жүз жетпіс)
Сартбаев Ержан Бакирұлы Сартбаев Ержан Бакирович	929 (тоғыз жүз жиырма тоғыз)
Сидиков Дастан Султанович Сидиков Дастан Султанович	584 (бес жүз сексен төрт)
Талғатов Зия Балалдинұлы Талғатов Зия Балалдинұлы	3 316 (үш мың үш жүз он алты)
Төлемисов Талғат Чалғынбайұлы Төлемисов Талғат Чалғынбаевич	604 (алты жүз төрт)
Бәріне қарсымын Против всех	919 (тоғыз жүз он тоғыз)
№ 20 сайлау округі	
Абдрешов Ербол Саулеұлы Абдрешов Ербол Саулеұлы	1 077 (бір мың жетпіс жеті)
Абдушқуров Мурат Мұқтарович Абдушқуров Мурат Мұқтарович	622 (алты жүз жиырма екі)
Алимбеков Денис Рафкатович Алимбеков Денис Рафкатович	216 (екі жүз он алты)
Аменова Жибек Кангельдиевна Аменова Жибек Кангельдиевна	456 (төрт жүз елу алты)
Искакова Шолпан Мусиновна Искакова Шолпан Мусиновна	467 (төрт жүз алпыс жеті)
Қыстаубай Әділжан Баймолдаұлы Қыстаубай Әділжан Баймолдаұлы	564 (бес жүз алпыс төрт)
Мұстафаев Аладин Алиевич Мұстафаев Аладин Алиевич	392 (үш жүз тоқсан екі)
Попенкова Елена Степановна Попенкова Елена Степановна	583 (бес жүз сексен үш)
Шин Андрей Антонович Шин Андрей Антонович	4 911 (төрт мың тоғыз жүз он бір)
Бәріне қарсымын Против всех	1 514 (бір мың бес жүз он төрт)
№ 21 сайлау округі	
Кузнецов Игорь Петрович Кузнецов Игорь Петрович	959 (тоғыз жүз елу тоғыз)
Курентаев Жарқын Амандосұлы Курентаев Жарқын Амандосұлы	565 (бес жүз алпыс бес)
Лесных Петр Петрович Лесных Петр Петрович	589 (бес жүз сексен тоғыз)
Максатов Нұржан Ришатұлы Максатов Нұржан Ришатұлы	772 (жеті жүз жетпіс екі)
Мұлдахужаев Муратбек Уристович Мұлдахужаев Муратбек Уристович	209 (екі жүз тоғыз)
Рамазанов Дулат Амиргалинович Рамазанов Дулат Амиргалинович	2 895 (екі мың сегіз жүз тоқсан бес)
Токмурзиев Мурат Тлешович Токмурзиев Мурат Тлешович	281 (екі жүз сексен бір)
Шардинов Шухрад Ахметжанович Шардинов Шухрад Ахметжанович	1 717 (бір мың жеті жүз он жеті)
Бәріне қарсымын Против всех	1 640 (бір мың алты жүз қырық)

2. Алматы қаласы мәслихатының бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша депутаттары сайлауының қорытындысы:

Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын қызметі	Тұрғылықты жері
№ 1 сайлау округі			
Турсунов Аким Хазреталиевич	1984	«Тоғызқұмалақ Алматы» ҚБ, президенті	Алматы қаласы
№ 2 сайлау округі			
Джантелиев Дастан Темиралиевич	1985	«Жеті Мұра» ЖШС, бас атқарушы директоры	Алматы қаласы
№ 3 сайлау округі			
Бекенова Гүлжан Мирзалиевна	1973	«№204 жылпы білім беретін мектебі» КММ, мұғалім	Алматы қаласы
№ 4 сайлау округі			
Башинская Анна Романовна	1972	«Фирма ЛЭУ» ЖШС, директордың орынбасары	Алматы қаласы
№ 5 сайлау округі			
Умирбаева Зауреш Абилгожановна	1963	«Алматы қаласы кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі, төрағасы	Алматы қаласы
№ 6 сайлау округі			
Жумабаев Бакытбек Ашимович	1974	ТОО «ЖАН-М» ЖШС, директоры	Алматы қаласы
№ 7 сайлау округі			
Кобеева Алтынай Орманкалиевна	1972	«Ақпаратты-ресурстық орталығы» КҚ, директоры	Алматы қаласы
№ 8 сайлау округі			
Елеусизов Тимур Мәлсович	1986	«Kaz Eco Patrol» ҚБ, басшы	Алматы қаласы
№ 9 сайлау округі			
Козлов Сергей Анатольевич	1968	«Масато» ЖШС, директоры	Алматы қаласы
№ 10 сайлау округі			
Ибрагимұлы Болат	1983	ТОО «Qazag Story ProphetHes» ЖШС, директоры	Алматы қаласы
№ 11 сайлау округі			
Бегалин Қайрат Талапович	1987	ТОО «Okids» ЖШС, директоры	Алматы қаласы
№ 12 сайлау округі			
Зулеев Мухтар Махамбетович	1982	ТОО «Good food KZ» ЖШС, директоры	Алматы қаласы
№ 13 сайлау округі			
Сауранбаев Ералы Болатович	1979	«Sheber Partners» ЖШС, бас атқарушы директоры	Алматы қаласы
№ 14 сайлау округі			
Рахитов Еркінбек Абдығаппарович	1961	«Киностудия Жас Ұлан» ЖШС, директоры	Алматы қаласы
№ 15 сайлау округі			
Утемисов Мурат Мұсаевич	1975	«KUSTO HOME» ЖШС, бас атқарушы директоры	Алматы қаласы
№ 16 сайлау округі			
Джусеева Қарашаш Ўзбекбайқызы	1969	Жеке кәсіпкер, «Джусеева» ЖК	Алматы қаласы
№ 17 сайлау округі			
Нәбиев Амиржан Амиржанович	1973	ТОО «Атрикс-Строй» ЖШС, бас атқарушы директоры	Алматы қаласы
№ 18 сайлау округі			
Тастекеев Дулат Тұрсынович	1982	«TAS finans group» ЖШС, бас директоры	Алматы қаласы
№ 19 сайлау округі			
Талғатов Зия Балалдинұлы	1996	«Техно GRAD» ЖШС, «Atlantic Electronics» ЖШС, «ТО Петропавловск» ЖШС, атқарушы директоры	Алматы қаласы
№ 20 сайлау округі			
Шин Андрей Антонович	1972	«Шин-Лайн» компаниялар тобы, президенті	Алматы қаласы
№ 21 сайлау округі			
Рамазанов Дулат Амиргалинович	1971	Жеке кәсіпкер	Алматы қаласы

сайланды.

Алматы қаласы аумақтық сайлау комиссиясы.



ФУТБОЛ

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫ: ТАРИХИ СЕНСАЦИЯ

«Қазақстан – Дания» 3:2

Футболдан ел құрамасын көп сынайтын едік. Бұл жолы олай дей алмаспыз. Жігіттеріміз сырт алаңда көпті таңғалдырды. Соның нәтижесінде абыройлары бір асқақтап қалды.

Қазақ футболшылары еуропалықтарға күтпеген жаңалық жасады. Олар ойламаған жерден Дания құрамасын ұтты. Бұл кездесудің жөні бөлек еді. Дүние жүзі кілмықтыны танытын дүбірлі доданы күтуде. Өздеріңіз білетіндей, 2024 жылы Еуропа кубогы өтеді. Сол жарысқа іріктеу жүріп жатыр. Осы жарыстың үдесінен шыға білгендер жолдамаға ілінеді.

Жөні бөлек жарыс елордада өткізілді. Дәлірек айтқанда, 30 мың адамға лайықталған «Астана арена» алаңында ұйымдастырылды. Даниялықтар мұндай сәтті күтпеген сияқты. Спорт сарапшылары да мұны үлкен даңғылға салынған соқпаққа балап отыр. Бұйырса, алдағы уақытта Еуропа чемпионатынан көріп қалуымыз ғажап емес.

Ойын жөнінде айта өтейік. Есеп – 3:2. Небәрі бір ғана гол жолдама тағдырын шешіп кетті. Жанкүйерлердің қуанышында шек жоқ. Әлеуметтік желіден алғысын жаудырып, тілекші болып отырғандар жетерлік. Бірінші таймда Дания құрамасының толығымен басымдық танытқанын айта кету керек. Расмус Хейлуннің қос голынан кейін даниялықтар есеп айырмасын ұзартып, тайм 0:2 есебімен аяқталды. Екінші кезеңде Қазақстан құрамасы басымдыққа ие болып, алаңға үстемдік ете бастады. 73-минутта Бахтиёр Зайнутдинов пенальти арқылы 1:2 есебіне қол жеткізіп, алаң иелеріне үміт отын сыйлады.

Содан кейін 87-минутта Асхат Тағыберген допты Петер Шмейхель қақпасының алыс бұрышына бір-ақ түсіріп, есепті теңестірді. Ал негізгі уақыт аяқталған 90-минутта қазақ футболшылары тағы бір сенсация жасап, үшінші жеңіс голын соқты. Абат Айымбетовтың баспен соққан голы жұртты тәтті етті.

Осылайша 3:2 есебімен басым түскен Қазақстан құрамасы 17 маусымда Сан-Марино құрамасымен сырт алаңда ойнайды деп жоспарланып отыр.

Даниялықтармен бұл алғашқы кездесу матчы емес. Бұған дейін 4 рет ұшырасқан. Алайда, бәрінде жеңіліс тапқан-тұғын. Қазақша айтқанда, «үйренген жау – атыспаққа жақсы» дегені рас-ау. Әбден жеңіліс-жеңіліс түбінде жеңіске қол жеткізді. Мұнысы нағыз ерлік болды.

Еуропалықтар үшін футбол ұлттық спортпен тең. Ондағы 28 елдің барлығы дерлік мұны өзінің ата-



бабасынан қалған мұрадай көреді. Бұдан жеңілу оларға оңай тимейді. Соған қарамастан барын салып, ұтып, елді мәз-мейрам қылған футболшыларымызға мың алғыс айтамыз. Алайда, алдағы жарыстың бәсі жоғары. Сондықтан бәсеңсуге болмайды. Жаттығуды жалғастыру керек. Мейлінше, ұдайы шыңдалып, шеберлікті арттыра берген абзал.

АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ

Біз үшін алынбаған қамал болмауы тиіс. Футбол да солай. Қанша жерден мықты болса да, бір күні ойсырайды. Бұл анық әрі мың мәрте дәлелденген аксиома. Сондықтан «Талпынған жетер мұратқа» деген қағидадан айнымау шарт.

Өлгінде бір ойды түртіп өттік. Футболшыларымызға көңіліміз толмай жүрді. Әлеуметтік желіде сынап-мінгендер жетерлік болды. Ұдайы айыпқа бұйырды. Әрбір спортшыны аямадық. Жерден алып, жерге салдық. Қаншама рет талпынса да, оң нәтижеге баламадық. Жасаған істерін кемсітіп, кейде еселеп айттық. Алайда, Бауыржан Исламхан, Самат Смақов және т.б. спортшыларымыз талай жарыста оқ бойы озық өнер көрсете алды. Соған қарамастан, көңіліміз күпті болып жүрді.

Қазақстан – Еуропа мен Азия континентінің ортасында орналасқан. Ұлы Жібек жолының жолайрығында тұр. Еліміздің жағрафиялық жер бедері, сағаттық белдеуі кеуіне де қатысты. Сондықтан футболдан Еуропа жаққа қарай бет бұрған. Бірақ Испания, Италия, Франция, Англия құрамаларының азуы алты қарыс. Олар әлем біріншілігінің алдын бермейді. Мұхиттың арғы жағындағы халықтар ешкімнен кем болмай тұр. Оңтүстік Америка құрлығындағы елдердің бәсі жоғары. Нақтырақ, Бразилия, Аргентина, бір кездері Чилидің аты шықты. Сондықтан бұл арада оңай қарсылас көрмей тұрмыз.

Біз үнемі алыпты көріп тайсаламыз. Германия мен Норвегия десе, зәреміз ұшады. Алыстан үркеміз. Олармен бір сапта өнер көрсетуге жігер жетпеді ме, әлде тағдыр жолықтырмады ма, қысқасы, солай болып келді. Алайда, ел құрамасының даниялықтардан айла асыруы үлкен жетістік. Бұған шексіз қуанып, риза болып отырмыз.

Әрдайым әр іске қолдау керек. Демеу бар жерде биік көрсеткіш орнайды. Ал өз отандастарымызға қолдау білдіре алмасақ, олардың еңсесі түседі. Сол себепті де, ғаламтор арқылы түрлі видеоролик, пікір жазып қалдыру керек. Кем-кетік жерін айтып, көзге ұрып тұрған тұсын көрсетейік. Бірақ сынап-мінеудің қажеті жоқ. Ұлттық кадр басым болсын десек, футболға қызығушылығы бар қазақ жастарын тартуымыз қажет. Жалпы, осы үрдістен таймасақ, әлі талай биікті бағындырамыз.

P.S.

Қазақ футболы жанданып келеді. Ендігі кезде қақпашыдан бастап, шабуылшыға дейін өзіміздің жігіттер болуы керек. Өзінің туған жерінен шыққан жандар ерқаған патриот болары ақиқат. Мейлінше азаматтарымызға Еуропа, Әлем біріншілігінде топ жаруға жазсын. Өйткені, футболдың ғаламда көрермені көп. Футболшылар шетінен сақадай сай әрі мықты болса, оқ бойы озып жүреміз. Ал бұл спорт елдің келбетіне тікелей әсер етеді. Осыны естен шығармайық. Жеңісті сәттер көп болғай!

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

Қазақ футбол өнері аяғын енді ғана тәй-тәй басып келеді. Спортшыларымыз да жас. Кей кездері сырттан келіп құрама сапында ойнайтындар да аз болмады. Сарапшылар оларды талай мәрте кері қайтару қажеттігін айтты. Жалпы, еуропалықтарда футбол клубтарының баршасы дерлік – жеке. Көбісін ауқатты адамдар қаржыландырады. Инвестиция салады. Футболшы мен бапкердің жағдайын жасайды. Ал осыдан кейін жеңімпаз болмай көріңіз. Бізге де дәп солай жасау қажет-ақ. Сонда ғана шеберлігі асқан жігіттерімізді дайындаймыз. Шетел қызықса, оларға келісім-шартпен барып ойына беретін болады. Бұл – болашақтың ісі болар.

БОКС

ЧЕМПИОН ҚЫЗДАР АЛМАТЫҒА КЕЛДІ

Бокстан әлем чемпионатының жүлдегерлері Алматыға ұшып келді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Нью-Делиде өткен бокстан әйелдер арасындағы әлем чемпионатында ел намысын қорғап, жүлделі орындарға ие болған қазақстандық спортшылар Алматы қаласына қайтып келді. Спортшы қыздарды жанкүйерлері, туыстары мен достары Алматы әуежайында қарсы алды.



Досбол
АТАЖАН

«Өткен жылы Түркияда өткен чемпионатта күміс жүлдегер атанғанмын. Осы жолы Үндістанда қола жүлде бұйырды. Жалпы, жарыста бұрын да қолғап түйістіріп жүрген таныс қарсыластар болды. Жартылай финалда үндістандық қызбен кездестім. Онымен күресіп те, бір-бірімізді лақтырып та, бокстесіп те үлгердік. Тартысты кездесу

болды. Бірақ өкінішке қарай, төрешілердің шешімі қарсыласымның пайдасына шешілді. Алдағы уақытта елімізде Спартакиада өтеді. Ол 4 жылда бір рет болады. Енді осы жарысқа дайындаламыз», – деді әлем чемпионатының қола жүлдегері Алуа Балқыбекова.

Үндістан астанасы Нью-Делиде өткен әлем чемпионатының қорытындысы бойынша біздің спортшылар 2 күміс пен 4 қола жүлде жеңіп алды.

Атап айтқанда, құрама қоржынына күміс жүлдені Ләззат Күнгейбаева (+81) мен Карина Ибрагимова (57 келі) әкелсе, 48 келі салмақта Алуа Балқыбекова, сондай-ақ Валентина Хальзова (75 келі), Надежда Рябец (66 келі) және Фариза Шолтай (81 келі) қола медаль иеленді.

«Жалпы, бұл нәтижеге көңілім толады. Құрамамыз 6 медаль жеңіп алды. Десе де, әлі тынбай жұмыс істеуіміз керек. Алда Азия ойындары келе жатыр. Ол сында біздің боксшылар барынша көбірек Олимпиада жолдамасына қол жеткізуі қажет», – деп айтты Қазақстан бокс федерациясының атқарушы директоры Маратбек Мықтыбеков.

Жалпы есепте жарыс қожайыны Үндістан 4 алтынмен көш бастаса, Қытай 2-орында (3 алтын, 1 күміс, 3 қола). Үздік үштікті Ресей түйіндеді (1/1/1). Ал Қазақстан құрамасы 8-орынға жайғасты.



ЖАРИЯ ТЫҢДАУ

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында бекітілген инвестициялық бағдарламаны және бекітілген тарифтік сметаны орындау туралы 2022 жылғы жыл сайынғы есеп бойынша жария тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды:

Табиғи монополия субъектісінің атауы: «Алматы жылу жүйесі» ЖШС.
Реттелетін қызметтердің түрі: жылу энергиясын беру, бөлу және тарату.
Табиғи монополия субъектісінің орналасқан жері: Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221.

Тыңдалымның өтетін күні мен орны: 2023 жылғы 25 сәуір, сағат 16.00.
Жария тыңдаулар Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 221, 3-қабат, 319-кабинет мекенжайы бойынша өткізіледі. Жария тыңдауларды өткізу форматы туралы қосымша ақпарат Кәсіпорынның www.alts.kz сайтында орналастырылады.

Қатысу үшін тыңдаушылар тізімін қалыптастыру үшін алдын ала жазылудан өту қажет:

- мына телефон нөмірі бойынша: +7 (727) 341-07-00, ішкі 2201.
- мына электрондық мекенжай бойынша: b.dyuskaliev@alts.kz

Қатысушыларды тіркеу тыңдау өткізілгенге дейін 24 сағат бұрын аяқталады.

ХАБАРЛАМА

Өз еркімен жұмыстан шығару тәртібі

Өз еркімен жұмыстан шығару (басқаша айтқанда, қызметкердің бастамасы бойынша) – еңбек шартын бұзудың ең көп таралған негіздерінің бірі.

Еңбек қатынастарын тоқтату бастамасы қызметкерден туындайды және оны жұмыс берушінің мақұлдауын білдірмейді, өйткені сіз адамды оның еркіне қарсы жұмыс істеуге мәжбүрлей алмайсыз. Алайда, өз еркімен жұмыстан шығарылған кезде де белгілі бір ережелерді сақтау қажет.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 56-бабына сәйкес, егер хабарламаның неғұрлым ұзақ мерзімі еңбек шартының өзінде көрсетілмесе, қызметкер өз бастамасы бойынша жұмыс берушіні бұл туралы кемінде бір ай бұрын хабардар ете отырып, еңбек шартын бұзуға құқылы.

Кодекстің 56-бабының талаптарына сүйене отырып, белгіленген хабарлама мерзімі аяқталғанға дейін қызметкердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу жұмыс берушінің жазбаша келісімімен ғана мүмкін болады.

Еңбек шарты хабарлама мерзімі аяқталғанға дейін және қызметкердің келісімінсіз бұзылмауы керек, өйткені оны осы мерзім ішінде қызметкер кері қайтарып ала алады.

Еңбек заңнамасы қызметкердің осы айда жұмыс істемей, алдағы еңбек шартының бұзылуы туралы жұмыс берушіге хабарлау міндетін көздейді.

Яғни егер қызметкер көрсетілген уақытта ауруханада, демалыста болған немесе өзге заңды негіздер бойынша болмаған болса, хабарламаның бір айлық мерзімі туралы шарт та сақталған болып табылады.

Ескерту мерзімінің өтуі жұмыс беруші қызметкердің еңбек шартын бұзу туралы хабарламасын алған күннен кейінгі күннен басталады.

Кодекстің 81-тармашасы 1-тармағының 1-бабына сәйкес, хабарлама – жұмыскердің немесе жұмыс берушінің жазбаша нысандағы (қағаз жеткізгіштегі немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанындағы) қолма-қол не курьерлік пошта байланысы, пошта байланысы, факсимильді байланыс, электрондық пошта және өзге де ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы немесе жұмыскердің немесе жұмыс берушінің авторизациялануы, сәйкестендірілуі қамтамасыз етіле отырып, электрондық түрде берілген өтініші.

Сондай-ақ, басқа мерзімдер қызметкерлердің жекелеген санаттары үшін заңнамамен белгіленуі мүмкін.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, сондай-ақ басқа да негіздер бойынша еңбек шартын тоқтату Кодекстің 61-бабына сәйкес жұмыс берушінің актісінде еңбек шартын тоқтатудың негізі көрсетілуге тиіс. Жұмыс берушінің еңбек шартын тоқтату туралы актісінің көшірмесі жұмыс берушінің актісі шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жұмыскерге табыс етіледі не оның табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен пошта арқылы оған жіберіледі.

Назым Мақсатқызы СМАГУЛОВА,
мемлекеттік еңбек инспекторы.

ТЕАТР КҮНІ

ТЕАТР – МӘДЕНИЕТ МЕКТЕБІ



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

27 наурыз – Халықаралық театр күні. Қазақ өнерін дамытуда талантты әртістер мен тәжірибелі режиссерлердің еңбегі ерен. Олардың салған сара жолы бүгінге дейін жалғасып келеді. Статистикаға сүйенсек, елімізде 65 театр жұмыс істейді. Олардың 52-сі мемлекеттік. Ал театрлар ең көп шоғырланған жер – Алматы. Мегполистің қала тұрғындары мен қонақтарына арналған 18 театры бар.

Өз басым театрға ең алғаш 1-курста барған едім. Бірінші көрген спектаклім де есімде, ол Бейбарыс сұлтан жайлы еді. Өлі күнге сол қойылымға жетер дүниені бүгінгі күнге дейін көрмедім. Бұл, бәлкім, руханият ордасына ең алғаш барып, оның құдірет-қасиетін де ең алғаш сол кезде сезінгендігімнен болар. Сахнадағы актерлардың шебер ойнағандығы соншалық, сол заманға тап болғандай күй кешкенім бар.

Жасыратыны жоқ, студенттерді театрға еркінен тыс, күштеп жіберетін жағдайлар кездеседі. Ұстаздар мұндайда «ой-өрістеріңнің дамуына үлкен үлес қосады» дейтін. Иә, мүмкін. Бірақ мүлдем барғысы келмейтін жас-

тарды мәжбүрлеп керегі жоқ деп ойлаймын. Көрсермен залында қалғып-мүлгіп немесе телефонын шұқылап отырғаннан гөрі, бармай-ақ қойса деймін. Көкірегінде сәулесі бар, рухани байлық іздеген адам өзі-ақ барады.

Бірде құрбымның өтінішімен «Жастар» театрына барып, «Жанарымдағы жалғыз әуен» мелодрамасын тамашаладық. Спектакльден бүгінгі өзіміздің бет-бейнемізді, дәл қазір басымыздан өтіп жатқан қызықты оқиғаларды, тіпті, ішкі толғанысымызды да көрдік. Сол сәттен бастап «Жастар» театрының жаңа қойылымдарынан қалмауға тырысқанымыз бар.

Ілгері замандарда бұл өнердің дамуына, туындауына негіз болған гректер деп саналды. Грек театрының басы осыдан екі жарым мың жыл бұрын басталған. Осыған қарап-ақ Еуропа театрының тарихы өте әрі заманнан басталатынын байқауға болады. Тарихшылардың пікірінше, Қазақ жерінде театр өнері XIX ғасырдың екінші жартысында құрыла бастаған. Осы ретте театртанушы Зухра Исламбаева қазақ өнерінің дамуына ерекше тоқтала кеткен. «1910–1915 жылдары қазақ өмірінен алынған қысқа драмалық суреттеулер мен сценарийлер жазыла бастады. Театрлық процестің жедел дамуы Қазан революциясынан кейін ерекше күш алды. 1918–1924 жылдар аралығында Ақмола, Тараз, Көкшетау, Петропавл қалаларында

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге //
6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге //
6 айға – 8214, 60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен

ҮОС ардагерлері үшін)

1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге //
6 айға – 2814, 60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды растымдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

жаңа труппалар құрылып, Ж.Аймауытовтың, М.Әуезовтің, М.Дулатовтың, С.Сейфуллиннің пьесаларын сахнаға шығарды. Қазақтың кәсіби театр өнері 1926 жылдың 13 қаңтарында Қызылорда қаласындағы Қазақ мемлекеттік драма театрында М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» қойылымы көрсетілуімен ресми түрде ашылды. Оның директоры және көркемдік жетекшісі Ж.Шанин, әйгілі әртістері мен әншілері К.Қуанышбаев, С.Қожамқұлов, Е.Өмірзақов және басқалары қазақ театры өнерінің қалаушылары болып тарихта қалды», – дейді ол.

Қарап отырсақ, қазақ өнерінің қоржынында ерекше бағаланған қойылымдар жетерлік. Жыл сайын әр театр 3-4 спектакльдің тұсауын кеседі. Өнер ордасын тәмамдаған жастарымыз еліміздің әр өңіріндегі театрларда актерлық қабілеттерін шындауда.

Театрдың әлеуметтік орны мен рөлін анықтауда да С.Сәдуақасов аса құнды пікірлер айтқан: «Кітап оқу үшін хат білу керек. Театрды көзі көретін, құлағы еститін адам ұға алады. Театр – жанды кітап. Кітаптан театрдың өрісі кең. Кітап – хат танушылардың жалғыз қаруы, театр – көпшіліктің қаруы», – дейді. Бұл пікір Н.В.Гогольдің: «Театр – ұлы мектеп, оның орны ерекше, ол тұтас қауымға, мыңдаған қауымға әрі жанды, әрі қажетті сабақ», – деген эстетикалық негізімен астасып жатыр. Мұнан әрі С.Сәдуақасовтың «Театр – көңіл көтеретін ойын үйі ғана емес, ол өз алдына мәдениеттің мектебі» деуі де театрдың әлеуметтік қоғам өміріндегі маңызын терең түсінуден туған салмақты пікір. Театрға барып тұрыңыз, ағайын!



Бас директордың міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейтқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Ақтолықын ТҮРЛЫҒАЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК АЙЫ

Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайды

Ораза қай уақыттан қай уақытқа дейін ұсталады?

«Бақара» сүресінің 187-аятында: «Таңның ак жібін түннің кара жібінен ажыратқанға дейін жеп-ішіндер. Содан кейін күн ұясына батып, ымырт түскенге дейін Рамазан оразасына қатысты 9 оразаны толық ұстаңдар», делінген. Демек, оразаның уақыты – таң намазының уақыты кіргеннен бастап, күн батқанға дейін. Сақтық үшін таң намазына 10 минут қалғанға дейін сәресін ішіп, ауыз бекіткен абзал. Ақшам намазының уақыты кіргенде ауыз ашады.

Ауызашар алдында қандай дұға оқылады?

Ауызашар дұғасы: «Аллаһумма ләкә сүмту, уә бикә әмәнту, уә ьәләйкә тәуәккәлту, уә ьәлә ризикә әфтарту, фағфир ли мә қадәмту уә мә аххарту». Мағынасы: «Раббым Алла, Сен үшін ораза тұттым. Саған иман келтірдім. Саған тәуекел еттім және Сен нәсіп еткен ризықпен аузымды аштым. Менің өткен және кейінгі күнеларымды кешіре гөр».

Ораза кезінде немен айналысқан жөн?

Ораза тек ішіп-жеуден тыйылу емес. Мұсылман адам бұл ғибадатты күллі денесімен орындаған абзал. Яғни тілімен өсек айтпау, қолымен біреуге зиян тигізбеу, көзімен бөгде

Жақсылықтар еселенетін қасиетті айда «Алматы ақшамында» ораза ұстаған жамағатқа бағыт-бағдар болатын «Muftyat» баспасынан шыққан «Оразаға қатысты 200 сұрақ» атты кітапшадан тағылымды үзінділер берілетінін хабарлаған едік. Бүгін оқырмандар назарына кезекті жеті «сұрақ-жауаптан» тұратын топтаманы ұсынамыз.

Ораза қабыл болсын, ұстаған жан!



әйелге сұқтанып қарамау, т.б. Сондай-ақ, құлшылыққа ден қойып, садақа беру, адамдарға жақсылық жасау және Құран оқу сынды ізгі амалдарды орындағаны абзал.

Ауыз ашуға асығуға бола ма?

Құдси хадисте: «Менің ең жақсы көретін құлдарым – ауыз ашуға асыққандар», делінсе (Тирмизи), басқа бір хадисте: «Адамдар ауыз ашуға асыққан сайын жақсылықта болады», – делінген (Мұслим). Сондықтан ауыз ашуға асығу дінімізде мұстахаб амалға жатады. Имам Шафиғи бір сөзінде: «Күннің батқандығы анық білінгеннен кейін ауыз ашуды кешіктіріп, өзінің осы әрекетін абзал көрген адам хадистерге қайшы амал жасағандықтан, онысы мәкрүһ болмақ. Түнде ораза ұстау дұрыс емес. Ал кешіктіруді абзал деп ойла-маса (жағдайға байланысты ауызашарды Рамазан оразасына қатысты 10 кешіктірсе), ағаттығы жоқ», – деген (Имам Шафиғи, «Әл Умм»). Дегенмен, ауызашарды кешіктірген адамның оразасы дұрыс саналады. Сонымен қатар, ауызашар уақыты кіргенде жол жүрсе, бір жұтым сумен не бір түйір құрмамен болса да кешіктірмей ашқаны жөн.

Ауызды немен ашқан дұрыс?

Хадисте: «Сендерден кім ауыз ашса, құрмамен ашсын. Расында құрма – береке. Егер құрма табылмаса, сумен ашсын. Өйткені, су – таза», – деп айтылған (Тирмизи).

Ауызашар берудің сауабы қандай?

Ауызашар беру – сауабы мол амал. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Ораза ұстаушыны тамақтандырған адам (ауызашар берген) оның сауабын алады. Әрі оған ораза ұстаушының сауабы еш кемітілмей беріледі», – деп сүйіншілеген (Тирмизи).

Рамазан оразасына ниет етудің үкімі мен уақыты бар ма?

Оразаның кез келген түрі үшін ниет ету шарт. Құранда «Бәйинә» сүресінің 5-аятында: «Оларға да хақ дінді шын көңілден толық қабылдап, «таухид» сенімімен бір Аллаға



• Биыл 23 наурызда басталған Рамазан айы 21 сәуірде аяқталады.

• Сәуірдің 17-сінен 18-іне қараған түн – Қадір түні.

• 21 сәуір – Ораза айт мерекесі.

• Биыл пітір садақа мөлшері – 535 теңге болып бекітілді.

• Садақаның абзалы – Рамазан айында берілген садақа.

• «Рамазан – ізгілік айы» аясында түрлі шаралар ұйымдастырылмақ.

• Алматыда 23 наурыз – 1 сәуір аралығында «Жарапазан-Party» байқауы өтеді.

• Алматы мешіттерінде «Шарапатты Рамазан», «Рамазан қоржыны», «Рамазан тәберігі» қайырымдылық іс-шаралар ұйымдастыру, «Ел үлесі пәтерге» жобасын жүзеге асыру жоспарланған.

• Шаһар мешіттерінде ауызашар дастарханы жайылады.



риясыз құлшылық ету, намазды кемеліне келтіріп, ақсатпай уақытылы оқу және зекеттерін толық өтеу бұйырылған еді», – делінген. Рамазан оразасына ниет ету ақшам намазынан басталып, ораза ұстайтын күннің таң уақыты кіргенге дейін жалғасады. Ал сәресі уақытында ниет етпей ұйықтап қалған жағдайда, таңертең еш нәрсе ішіп-жемеген болса, түске дейін ниет етуіне болады. Десе де, ең дұрысы түнде және сәресі уақытында ниет ету.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Жалғасы бар).